

Керімбекова Б.Д.
**Қазақ поэзиясындағы «Заман»
және «Уақыт» концептілерінің
бейнеленуі**

Мақалада қазақ әдебиетіндегі «Қилы заман», «Зар заман», «Тар заман», «Кер заман», «Ақырзаман» түсінік-ұғымдарына анықтама беріле отырып, олардың әдебиеттегі көрінісі айқындалады. Автор қазақ әдебиетіндегі «Уақыт/ Заман» концептілерін Бұқар жырау, Майлықожа, Әбубәкір Кердері, Нұржан Наушабайұлы, т.б. сынды ақын-жыраулар поэзиясы негізінде талдап, түсіндіреді. Сондай-ақ, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды «Зар заман» ағымы өкілдерінің шығармаларындағы «заман» ұғымына кеңінен тоқталады.

Түйін сөздер: заман, уақыт, концепт, қазақ әдебиеті, ақын-жыраулар поэзиясы.

Kerimbekova B.D.
**The image of concepts «Period»
and «Time» in traditional
kazakhpoetry**

In kazakh literature definition and the view of notions «Kylyzaman (different times)», «Zarzaman (hard times)», «Tar zaman (tight times)», «Ker zaman», «Akyrzaman (end of the world)» are determined in the article named «The image of concepts «Period (Zaman)» and «Time (Uikit)» in traditional kazakh culture and literature». The author explains and analyzes the concepts «Period» and «Time» on the basis of poet's and storyteller's poetry. In this article the concept «zaman» is widely explained in the writings of «Zarzaman» stream's representatives.

Key words: period, time, kazakh literature, poetry, zarzaman (hard times).

Керімбекова Б.Д.
**Отражение концепта
«Заман»\»Время» в казахской
поэзии**

В статье рассматриваются концепты «Период (Заман)» и «Время (Уақыт)» в казахской культуре и литературе. Также определяются понятия «Қилы Заман», «Зарзаман (трудные времена)», «Тар Заман», «Кер Заман», «Ақыр Заман (конец света)» и т.д. Автор объясняет и анализирует понятия «Период» и «Время» на основе поэзии поэта и рассказчика. В этой статье понятие «Заман» широко объяснено в сочинениях «Зар Заман акындары».

Ключевые слова: Период, время, казахская литература, поэзия, зар заман.

**ҚАЗАҚ
ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
«ЗАМАН» ЖӘНЕ
«УАҚЫТ»
КОНЦЕПТИЛЕРІНІҢ
БЕЙНЕЛЕНУІ**

Уақыт дегеніміз не деген сұрақтың адамзатты ежелден-ақ қызықтырғаны анық. Уақыт туралы ойлар ежелгі антикалық философиядан бастау алады. Уақыт ешқашан кері қайтпайды, өзін-өзі қайталамайды. Қазақтың уақытқа қатысты көзқарасы оның ауыз әдебиетінен көрінеді. Ғалымдар адамның қоғамда биологиялық, әлеуметтік, қоғамдық, тарихи, мәдени, т.б. тұлға ретінде уақыт пен кеңістікте өмір сүретінін айта келе, уақыттың *мифтік уақыт, экологиялық уақыт, биологиялық уақыт, әлеуметтік уақыт, психологиялық уақыт* сынды түрлерін ажыратады [1; 25]. Ал мәдениеттанушы Т. Ғабитов этномәдени уақыттың мынадай түрлерін көрсетеді: *мифологиялық уақыт, архетиптік уақыт, өркениеттік уақыт, дәстүрлік уақыт, инновациялық уақыт* [2; 26].

Уақыт туралы ұғым барлық халықта бірдей қалыптаспаған. Бұл әрбір халықтың тарихи-әлеуметтік, мәдени дамуымен, тұрмыс-тіршілігімен байланысты. Көшпелілердің уақыт туралы таным-түсінігі аспан денелерінің қозғалысына негізделді. Ғалым Т. Есембеков: «Әдебиетте де, өмірде де уақытты «бақытты», «өтпелі», «қиын» деп бағалау жиі кездеседі. Бір қызығы, бұл – уақыттың бағасы емес, сол уақыттағы өмір сүрген адамның ішкі күйінің көрінісі. Әр кейіпкер уақытты өзінше түспалдайды, өз уақытының ішінде өмір сүреді. Уақыт әңгіме болғанда *реалды уақыт* пен *әдеби уақыттың* бір-бірінен мағыналық, функциялық айырмашылықтарын біле отырған абзал. Реалды уақыттың мынадай сипаттары бар: ол бір бағытта өтеді және кері жүрмейді, басы да, аяғы да жоқ. Оны көзбен көріп, қолмен ұстау мүмкін емес. Әдеби уақыттың жай уақыттан басты өзгешелігі ондағы оқиғаның бәр басқаша ұйымдастырылады, яғни онда уақыттың болашақтан өткенге қарай кері жүруі де мүмкін [3; 167], – дейді.

Қазақтың бас ақыны Абай да уақыт туралы терең ой айтқан. Соның бірі – «*ұрланған уақыт*» *концептісі*.

Сағаттың өзі ұры шықылдаған,
Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.
Махаббат жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,
Қайта айналмас, бұрылмас *бұлдыр заман* [4; 141], –

дейді Абай ақын.

Абайдың ақын шәкірттерінің бірі – ұлы ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының 1912 жылы «Айқап» журналында қазақ зиялыларына ұсынған бес сауалының бірінде: «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма? [5; 238], – деп осы заман мәселесі төңірегінде ойландырғаны көңіл аударарлық мәселе. Қазақ дүниетанымында уақыт пен кеңістіктің өлшемі «Заман» ұғымының айналасында өрбиді. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда *Заман* ұғымына былайша анықтама берілген: «Заман – жылдар үрдісінің басталатын уақыты және сол уақыттың шартты түрде алынған бөлігі туралы ұғым мен түсініктер жүйесі» [6; 577]. Адамзат қоғамының тарихында дәстүрлі діни ұғымдар мен мифтік түсініктер уақыт белгілеуде ерекше мән алған. Діни ұғым бойынша, қазіргі адамзаттың ұрпағы Нұх пайғамбардың заманынан басталады. Қазақтар Нұх пайғамбардың кемесін Қазығұрт тауына тоқтатады.

Қазақ халқының «Заман»/ «Уақыт» концептілеріне қатысты көзқарастарын ең алдымен, оның ауыз әдебиетінен, әсіресе, мақал-мәтелдерінен іздеген жөн. Заманға қатысты халық арасында қанатты сөз де, мақал – мәтел де көптеп кездеседі. Соның бірі – соңғы жылдарда жиі айтылып жүрген «Заманың түлкі болса, тазы боп шал» деген мақалы. Ғалым Ә. Қайдар бұл мақалды былайша түсіндіреді: «...замана ағымына қарай тіршілік ет. Егер замана түлкі тәрізді қулық-сұмдығы, айла-шарғысы мол болса, сен де сол түлкіні қыйып түсетін ұшқыр тазыдай бол, аларынды алып қал», – дегенді аңғартады [7; 340]. Қазақ халқы уақытты «Уақыт – ағын су», – деп бірде суға баласа, енді бірде «Уақыты бардың – бақыты бар», – деп уақыттың құдіретін арттыра түскен.

Сондай-ақ, халықтың заман туралы байырғы түсініктері әйгілі адамдар мен тарихи оқиғаларға байланыстырылса сақталып отырған. Мәселен, *Афрасиаб заманы* жөнінде түсінік Тұран (түркі) – Иран (парсы) жұртшылығының өзара жаугершілік, саяси-мәдени қарым-қатынасын аңғартады. Тұран – иран елдерінде патша әулеттерінің ауысуы заманды айқындап, уақытты белгілеудің межесі ретінде алынғаны байқалады. Қазақтың белгілі ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов аударған «Шахнама. Рустем-дастан» поэмасында Афрасиабтың билік басына келген заманы былайша сипатталады:

Шығарды жеті ақынды оған сайлап,
Ортаға қойды Тұран туды байлап.
Бұл заман Афрасиаб заманы деп,
Бұлбұлдай олар өлең айтты сайрап [8; 233].

Қазақ халқының тарихында заманды тарихи оқиғалармен немесе аты күллі жұртшылыққа мәлім тұлғалармен байланыстыра сақтау дәстүрі болғандығы айттық. Атап айтсақ, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама, Ақ тулы Абылайдың заманында, қалыңсыз қатын құштырған заманда», т.б. Дәстүрлі қазақ танымындағы ең жиі еске түсетін, естілетін заман – ең алдымен, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман». «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» – дәстүрлі қазақ қоғамының бабында болған кезеңі дегенді білдіретін метафоралық ұғым, фольклорлық образ. Әлем халықтарының фольклорында жиі кездесетін «алтын ғасыр» деп аталатын метафораға ұқсас. Халық мамыражай, тыныш, тоқ заманды осылай атағандықтан, оның дәл қай заман екендігін нақты айту мүмкін емес. Алайда, «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» қазақтың әз-Жәнібек хан мен Қасым хан сынды әйгілі хандардың өнегелі іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырылады [9; 573]. Алайда, ақын-жыраулар тілін зерттеген Г. Абылова қазақ дүниетанымында әмбебап уақыт деген ұғымының заман контекстінде айқын көрініс табатындығын қарастыра отырып былай деп жазады: «Заман» концептісінің қазақ халқы үшін жағымды бағалауынан гөрі жағымсыз бағалауы басымдау екенін байқауға болады... Ақын-жыраулардың бейнелі-поэтикалық дүниетанымында «заман» концептісі аумалы-төкпелі кезеңнің, қазақ халқының ұзаққа созылған жаугершілік өмірін танытатын тілдік категория болып табылады [10; 24].

Расымен де, қазақтың ХУ-ХІХ ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулар мұрасында «заман» ұғымының жағымсыз реңкі басымдау кездеседі. Мәселен, атақты Абылай ханның кеңесшісі болған Бұқар жырау:

Ай, заман-ай, заман-ай,
Түсті мынау тұман-ай,
Істің бәрі күмән-ай [11; 56], –

деп жырлайды.

Ақын Әбубәкір Кердері «Заманның опасыз халіне айтқан сөзі» атты өлеңінде:

...Жалған сөз азаматқа болды оңай,
Заман болды, халқым, әлдеқалай?
Құдайым өзі сақтап оңғармаса,
Болып тұр бұл замана судай лай, –

десе, «Өткен еміншілік заманды жоқтап айтқан толғауында»:

... Қайғылы болды заманым,
Заманым бұлай болған соң,
Тайғақ болды табаным..., –

дейді. [12; 268].

«Заманның қалпына айтылған сөздер» өлеңінде Нұржан Наушабайұлы:

...Біlmесе де ойыменен
Білем дескен заман-ай.
Өтірік күлкіге үйреніп
Бірін-бірі көргенде
Елеңдескен заман-ай [13;265], –

дейді.

Яғни, ақын-жыраулар мұрасында өткен өмірі аңсау, өзі өмір сүріп отырған заманның келбетіне үрке қарау жиі байқалады. Ақын-жыраулар заман жайын толғап қана қоймай, оған баға беріп, келер заманның кейбір жағымсыз жақтарынан сақтандырып та отырған. Мәселен, Асан қайғының Жәнібек ханға қарата айтқан толғауында:

...Ай, жәнібек, ойласаң,
Қилы, қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің?! [14, 24], –

деп толғанады.

XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың Майлы-қожа атты ақыны өзі өмір сүрген заманын:

Уа, замана – дауылсың,
Қыдыра көшкен ауылсың...
Уа, замана – бөрісің,
Кедейдің шықпас төрісің..
Уа, замана – ескісің,
Ертеңгі білмес кешкісін [15, 45], –

деп заманды біресе дауылға енді біресе бөріге балайды. XX ғасырдың басында өмір сүрген діни-ағартушылық бағыттағы ақын Әбубәкір Кердерінің «Заманның опасыз халіне айтқаны» және «Өткен заманды аңсау өлеңдерінде» ...Әбубәкір Кердері:

... Жалған сөз азаматқа болды оңай,
Заман болды, халқым әлдеқалай?
... Қор болды бұл заманда алты нәрсе,
Нанарсың айтқанымә көзі көрсе [12, 268], –

деп биліктің, дін жолының, сұлтандықтың, т.б. қор болғандығын айтады. Бұқар мен Асан Қайғы «Қилы заман» деп заманның өзгеруін сипаттаса, Шортанбай ақын өткенді аңсап, өзі өмір сүріп отырған заманды «Зар заман», «Тар заман» деп атаған. Келешектен қауіп-қатер күту сарыны зар заман поэзиясы өкілдерінің бәріне ортақ. Қазақ әдебиетінде «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заманды аңсау сарыны да, алдағы күнге сенімсіздікпен қарау үрдісі де өте ертеден басталады.

Зар заман – қазақ халқының тарихи санасындағы ел-жұрттың басына түскен ауыртпалық, қайғы-қасіретке, зорлық-зомбылыққа толы кезең. Бұл кезеңде Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан қазақ елінде хандық билік жойылып, ел басқарудың жаңа жүйесі сырттан енгізіле бастады. Қазақ халқының шұрайлы жерлерін тартып алып, ұрпағын аздырып, діннен аулақтату сықылды империялық пиғылдың жүзеге асуына қарсыласу қозғалысы Зар заман ақындарының қайраткерлік поэзиясын өмірге әкелді. Зар заман ақындарының өлең-жырларында елмен қоштасу, туған жердің өткенін аңсау сарыны орын алған. Жалпы «ауа көшу», «қонысты тастау» ұғымы көптеген халықтардың фольклорлық шығармаларына тән. «Зар заман» ақындарының бірі Шортанбай Қанайұлы заманның бейнесін, сол заманда жасаған адамның бейнесін бар кейпімен көрсетті. Зар заман адамы Шортанбай ақын өлеңінде былайша көрінеді:

Заман қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын?
...Айырылмастай дерт болды,
Нашарға қылған зорлығың... [16; 217].

Академик-ғалым М. Әуезов «Зар заман» туралы былай дейді: «Сыртқы өмірдің осы сияқты себептерінен қазақтың ойына уайым араласқан, көңілі жабығып, сөзінен, өлеңінен, әнінен, бұрынғы билік, еркіндіктің бәрі де арыла бастап, оның орнын арман, зар-шер, қайғы басқан» [17; 18]. «Зар заман» – бұл белгілі бастау-бұлағы, даму арнасы, қалыптасу жолдары бар, тамамдалар тұсы айқын, қоғамдық ойдағы және әдебиеттегі құбылыс. Зар заман жырлары – отаршылдықтың талауына түскен

ұлт тағдырының тығырыққа тірелгендігінің белгісі «Зар заман» ағымының өкілдері бұрынғы төл мәдениет үлгілерін дәріптеді. Зар заман жырлары – отаршылдықтың талауына түскен ұлт тағдырының тығырыққа тірелгендігінің белгісі. [18; 60]. Зар заман ақындарының аса көрнекті өкілдері Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Албан Асан, т.б. ақындар отарлық езгіге түскен халықтың тағдырын өз шығармашылығына арқау етті. Шортанбай Қанайұлының кең тараған туындысы – «Зар заман» өлеңінде ақын былайша толғайды:

Мына заман қай заман?
Азулыға бар заман,
Азусызға тар заман.
Тарлығының белгісі
Жақсы жаннан түңілген,
Жаман малдан түңілген,
Мұның өзі зар заман...[16; 219].

Зар заман ақындарының тағы бірі – Мұрат Мөңкеұлының заман жайлы толғаған тіркестеріне назар аударсақ, «Заманың мұндай сұм болды», «Заманның содан бері тарылғаны», «Замана осы күні болды қырын» дегенінің бәрі заманның азып-тозғандығын аңғартады. Мұрат ақында «заман азды» дегеннен гөрі «сұм заман», «адыра қалған заман» деген тіркестер көбірек кездеседі. Мұрат Мөңкеұлы өз заманы жайында толғай келіп, заманның бұзылуын, адамдардың бұзылуынан дейді:

...Заман азып не қылсын,
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Мұның бәрі адамнан [19; 353].

Зар заман өкілдерінің бірі – Дулат Бабатайұлы:

Қилы-қилы заман-ды,
Заманға сай адамды,
Салғастырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай,
Шыр көбелек айналам, –

дейді [20; 155].

Зар заман поэзиясында уақыт пен заманның үш шақтағы бейнесі де жасалды.

Зар заман поэзиясында «қала», «шаһар», «қорған», «үй», «бекініс» ұғымдары өзгеше сипатқа ие болды. Зар заман ақындарының

шығармаларында ата-қоныстан айырылуға деген қарсылық кейде қаланы қабылдамау түрінде байқалады. Зар заман ақындарының түсінігінде, *қала салу* – қазақ жерін талауға түсірген отырықшылық саясаттың әрекеті ретінде көрінді. Олардың жырларынан қала салу ісінен жақсылық күтпеу сарыны анық байқалды. Зар заман ақындарының тағы бір шошына қарағандары – қазақ ортасына *ақшаның келуі* болды. Ақшаның келуі – дархандығы даладай қазақтың психологиясына әсер етті. Бұл ақындар шығармаларынан анық байқалды. Мәселен, Шортанбай ақын: «Қайыр кетіп байлардан, Бұзауға ақша беріп тұр», «Сауып ішер сүті жоқ, мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықты», – десе, Албан Асан: «Қағаздан ақша шығарып, Сатып орыс мал қып тұр», «Әділетті жақсының, Ақша тілін байлады», – дейді.

Зар заман ақындарының жырларында өзгеше сипатқа ие болған нәрсенің бірі – *шай*. Ия, кәдімгі шай. Алғашында Европаның өзінің шайға тосырқай қарағандығын еске түсірсек, қымыз бен шұбат ішіп келген қазаққа да шайдың келуі жаңалық болғаны анық.

Мысалы, Албан Асан:

Жыртық үйдің ішінде,
Самаурынды шай болды.
Ащы боп шыққан сары су,
Ішіп, көңіл жай болды, –

десе, ақын Нармамбет Орманбетұлы:

Жұрттың бәрі ант ішті,
Шайға қосып қант ішті [21; 38], –

деп жырға қосқан.

Зар заман поэзиясында халық тосырқау қараған нәрселердің келесі бірі – *санақ, есепке алу жайы*. Себебі, қазақ ешқашан баласын санамаған, бала-шағасының санын жария етпеген. Адам санау деген ұғым мүлде болмаған. Санақ жүргізу, есепке алу – қазақтың салтында болмаған үрдіс еді.

Мағлұм болған аят бар,
Есепке кірер бір күні,
Дүниеде жүрген адамдар, –

деп Әбубікір Кердері ақын айтқандай, тірліктегі пенделердің есебін алу – тек Алла тағаланың ісі деп түсінген.

Қазақтың дәстүрлі діни нанымда «*ақырзаман*» деген түсінік бар. «Ақырзаман» ұғы-

мы адам баласының және бүкіл әлемнің ең соңғы тағдыры туралы ерте замандардан бері қалыптасқан. Адам баласының өзі өмір сүрген заманға көңілі толмауы, өткен дәуірді аңсауы ежелгі дәуір әдебиетінің нұсқаларында да кездеседі. Осы ақырзамандық сарын қазақтың зар заман ақындары деп аталатын: Әбубәкір Кердері, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы сынды ақындар поэзиясында кездеседі. Олар орыс отаршылдығының келуімен «заманақыр таянды», «зауал келді, қауіп-қатер таянды» деп түсінді. Зар заман поэзиясындағы эсхатологиялық сарынның бірі – имансыздықтың өсуі. Эсхатология (грек. *eschatos* – соңғы және *logos* – ілім, сөз) – дүниенің, адам өмірінің баянсыздығы туралы, ақырзаман мен о дүние туралы діни ілім. Ғалымдар зар заман поэзиясын «қатерлі келешек («Әр нәрсенің болжалы, келе жатыр жақындап») қайғы-шерге толы дәуір («Бәрін айт та бірін айт, кез болдың кер заманға») бүгінгімен салыстырғанда ертегідей көрінетін өткен күнге еріксіз мойын бұрғызады («Халқымның салтанаты еске түссе, жүрегім өргенеді, өрттей жанып»)» – дейді.

Қиямет қайым/ Қиямет күн – дүниедегі тіршіліктің тоқтауы. Қиямет қайым – (яум әл-Қиямаһ) сөзі араб тілінен тік тұру дегенді білдіреді. Қиямет қайым сөзі ақырзаман және ақырет деген сөздермен мағаналас болғанымен, өзара айырмашылықтары да бар. Қиямет – тіршіліктің бітуі болса, ақырзаман – қияметтің жақындауы, ақырет – қиямет күні жоқ болған тіршіліктің жаратушы әмірімен қайта тіріліп, машхарға есеп

беруге асыққан кезінен басталатын о дүниедегі өмірдің басы [9; 520]. *Ақырзаман мен Қиямет күнін* бір мағынада түсіну Шортанбай ақын өлеңдерінен де көбірек байқалады. Оның ұғымында жамандық атаулының тірелетін жері – Қиямет қайым. Ақынның «Кім мұсылман, кім кәпір, Бір Аллаға аян-ды» немесе «Мұсылманды бұл күнде, Орыс кәпір жеңіп тұр» деген жолдарынан тіршіліктің тозуын діни қағидалармен байланыстырғанын байқаймыз. Шортанбай «ақырзаман» сөзін «қиямет» сөзімен ауыстыра қолданған. Мысалы: «Қиямет күні таянды, Қайырсыздың көп малы, Жылан менен шаян-ды».

Ғалымдар зар заман поэзиясын қалыптастырған негізгі үш бастау-бұлақ бар екендігін атап көрсетеді. Біріншісі – ежелгі дәуір әдебиетінен бері жалғасып келе жатқан *заманаға наразылық мотиві*, екіншісі, Асан Қайғыдан бастау алатын *болжал өлеңдер*, үшіншісі – халықтың таным-түсінігіне негізделген *ақырзамандық сарын* [22; 59].

Өр заманның өз тарихы, өз дүниетанымы бар. Егер заман мен заманды салыстырсақ, біреуін екіншісінен жоғары немесе төмен қоюға мәжбүр боламыз. Мәселе заманның заманнан озықтығы немесе төмендігінде емес, заманның қайталанбас сапалық ерекшелігінде [23; 33]. Заман мен адам бір-бірін толықтырып отырады. Осыдан туындайтын ой заманды құртатын да, бұзатын да адам деген қорытынды шығады. Демек, заман болмысын адам арқылы, адам болмысын заман арқылы анықтаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Жанабекова А. «Қазақ тіліндегі «уақыт» ұғымының тілдік парадигмасы.– Алматы: 2012. – 508 б.
- 2 Ғабитов Т. Мәдениеттануға кіріспе. – Алматы: Санат, 1996.
- 3 Есембеков Т. Көркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. –174 б.
- 4 Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Жазушы, 1986. – 200 б.
- 5 Шәкәрім. Үш анық. Шығармалар жинағы. 3-том. – Алматы: Жазушы, 2005.
- 6 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедиясы. – Алматы: РПК «Слон», 2012.– 2-том. Е-И.
- 7 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
- 8 Ізтілеуов Тұрмағамбет. Көп томдық шығармалар жинағы. 9-том. – Алматы: Атамұра, 2001.
- 9 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедиясы. – Алматы: РПК «Слон», 2012. –3-том. К-Қ.
- 10 Абылова Г. Дүниенің тілдік бейнесі. ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы ақын-жыраулар поэтикасы бойынша. Филология ғылым. Канд. автореферат.– Көкшетау, 2010.
- 11 Бұқар жырау. Кітапта: Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. 1-том. – 400 б.
- 12 Кердері Әбубәкір. Қазағым. – Алматы: Жазушы, 1993. –288б.
- 13 Наушабайұлы Нұржан. Кітапта: Бес ғасыр жырлайды. 2-том. – Алматы: Жазушы.–265б.
- 14 Асан қайғы. Бес ғасыр жырлайды. –Алматы: Жазушы, 1989. – 24 б.
- 15 Майлықожа Сұлтанқожаұлы. Кітапта: Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. – 1-том. – 400 б.
- 16 Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастан. – Алматы: Айқап, 1993. –80 б.
- 17 Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі. Таңдамалы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997.

- 18 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2000.
- 19 Мөңкеұлы М. Кітапта. Зар заман. Жыр-толғаулар. – Алматы, 1993.
- 20 Дулат. Замана сазы. – Алматы: Жазушы, 1991. –160 б.
- 21 Орманбетұлы Н. Шығармалары. – Қарағанды: Болашақ, 1998.–356 б.
- 22 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 415 б.
- 23 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: Арна, 2013. – 192 б.

References

- 1 Zhanabekova A. «Language paradigm of the concept «the time» in Kazakh language». –Almaty, 2012. –508 p.
 - 2 Gabitov T. «Introduction to Cultural Studies». – Almaty: Category, 1996.
 - 3 Yessembekov T. «The poetics of a literary text». – Almaty: Kazakh University, 2012. – 174 p.
 - 4 Abay (Ibrahim) Qunanbaiuly. Collection of works in two volumes. Volume II. – Almaty: Writer, 1986. – 200 p.
 - 5 Shakarym. «Three evidences». Collection of compositions. 3-tome. – Almaty: Writer, 2005
 - 6 Encyclopedia of Kazakh ethnic categories', concepts' and names' traditional system. – Almaty: APC «Elephant», 2012.
- Volume 2. E-I.
- 7 Kaidar. A. «Folk wisdom». – Almaty: Toganay T, 2004. – 560 p.
 - 8 Iztleuov Turmagambet. Multi-volume collection of works. 9-tome. – Almaty: Atamura, 2001.
 - 9 Encyclopedia of Kazakh ethnic categories', concepts' and names' traditional system. – Almaty: APC «Slon», 2012. Vol. 3.
- K-Q.
- 10 Abilova G. «World's language image». According to poetics of XY-XYIII centuries' poets. Philological science. Cand. Abstract. – Kokshetau, 2010.
 - 11 Bukharzhayrau. The book: Chant of seven ages. Two volumes. – Almaty: Writer, Volume 1, 2008. – 400 p.
 - 12 Kerderi Abubakir. «My Kazakh (Qazagym)». – Almaty: Writer, 1993. – 288 p.
 - 13 Naushabaiuly Nurzhan. In the book: Chant of five ages. Volume 2. – Almaty: Writer, – 265p.
 - 14 Asankaigy. Chant of five ages. – Almaty. 1989. – P. 24.
 - 15 Mayliqoja Sultanqojauy. The book: Chant of seven ages. Two volumes. –Almaty: Writer, Volume 1, 2008. – 400 p.
 - 16 Shortanbay. Poems, sagas, debates. – Almaty: Aikap, 1993. -80p.
 - 17 Auezov. M. «Kazakh literature of the modern age». Custom. – Almaty: Kazakh Encyclopedia, 1997
 - 18 Omaruly B. «Hard period (Zarzaman) poetry». – Almaty: Kazakh University, 2000.
 - 19 Monkeuly M. Book: Hard period (ZarZaman). Sagas and poetries. – Almaty, 1993.
 - 20 Dulat. Modern music. – Almaty: Writer, 1991. -160 p.
 - 21 Ormanbetuly N. Compositions. – Karagandy: Bolashak, 1998. – 356 p.
 - 22 Ibraev S. Epic world. – Almaty: Gylym, 1993. – 415 p.
 - 23 Kamzabekuly D., Omaruly B., Sharip A. «National literature and traditional mental». – Almaty: Arna, 2013. – 192 p.

